

атаулар беріліп, тілдік кеңістік саяси идеологияның құралына айналды. Бұл кезең топонимиясының ерекшелігі - мемлекеттік идеологияның кеңістікті толық бақылауға алуы және тарихи-мәдени атауларды ығыстыруы. Тәуелсіздік кезеңі Семей топонимиясына жаңа рухани серпін әкелді. Ұлттық тарихи сана, дәстүрлі мәдениет және қазақи антропонимиялық жүйе қайта жандандырылды. Қала көшелеріне Абай, Шәкәрім, Қабанбай, Әл-Фараби секілді тұлғалардың аттарының берілуі ұлттық жадты қайта жаңғыртып, топонимиялық кеңістікті ұлттық мәдениетке жақындата түсті. Бұл үрдіс тіл саясаты мен рухани жаңғыру бағдарламаларының нақты көрінісі болып табылады. Жалпы алғанда, Семей топонимиясы - табиғи ландшафт, археологиялық мұра, ортағасырлық мұсылмандық дәстүр, отарлық кезең мұралары, кеңестік идеология және тәуелсіздік рухы тоғысқан тарихи-мәдени феномен. Қала атауларының эволюциясы арқылы бүкіл өңірдің тарихи болмысы, этникалық құрамының өзгерістері, саяси-әкімшілік трансформациясы және рухани-мәдени даму кезеңдері көрінеді. Қорыта айтқанда, Семей қаласының топонимиялық жүйесін жан-жақты зерттеу аймақтың тарихи жадын сақтау, ұлттық мәдени мұраны жаңғырту және ономастикалық кеңістікті дамыту үшін аса маңызды. Алдағы уақытта Семей өңірінің топонимдерін жүйелеу, жаңа мұрағаттық деректерді ғылыми айналымға енгізу, археологиялық және сакральды география нысандарын зерттеу, урбанонимдік процестерді тұрақты мониторингтеу - ономастика ғылымының міндетті жалғастыруға тиіс бағыттары деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанұзақ, Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана «1С-СЕРВИС» ЖСШ, 2006 ж. - 400 бет
2. Семей өңірінің тарихи топонимдері географиясын зерттеудің перспективалары мен маңызы [Электронды ресурс] // stud.kz. - Қол жеткізілді: <https://stud.kz/referat/show/107460>
3. Сеитова Ш. Б., Әскерханова А. Қ. Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық негіз. Семей: Tengri, 2013. - 76 б.
4. Әбдірахманов С. Ә. Шығыс Қазақстан географиялық нысандарының бұрмаланған эндонимдік атаулары. «Өңірлердегі ономастика мәселелері: көпте атаулары жазылған тақтайшаларды безендіру» республикалық дөңгелек үстел материалдарының жинағы. - Астана, 2012. - 84 б.
5. Қазақ ономастикасының мәселелері. ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институты. - Алматы: Ғылым, 1986. - 136 б. Редколлегия мүшелері: Ә. Қайдаров, А. Әділұлы, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, О. Нақысбеков. Жауапты редакторы - Т. Жанұзақов.
6. Байбатырова А. Т. Қазақстан топонимиясының тарихи негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 152 б.
7. Қосымова Г. Р. Шығыс Қазақстан аймағының географиялық атауларының қалыптасу тарихы. - Өскемен: Медиа-Альянс, 2015. - 96 б.
8. Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері. Шығыс Қазақстан облысы. - Алматы: Арыс, 2004. - 240 б.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ: БОЗОҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ

Молдаш А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

a.neliya@mail.ru


Астана қ

Қазіргі Астана аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер бұл өңірдің мыңдаған жылдар бойы адамзат қоныстанған тұрақты мәдени кеңістік болғанын айқын көрсетеді. Қола дәуірінен бастап жаңа заманның соңына дейін созылатын әртүрлі сипаттағы ескерткіштер - мал шаруашылығына негізделген ежелгі қоныстар, тасмола мәдениетінің ескерткіштері, ортағасырлық көпфазалы Бозоқ орталығы және кейінгі қазақ қыстаулары осы аймақтың үздіксіз игеріліп келгенін дәлелдейді. Археологиялық деректерді жүйелі талдау арқылы Астана өңірінің мәдени ландшафтының ұзақ мерзімді даму динамикасы, шаруашылық модельдеріндегі өзгерістер, әлеуметтік жіктелу белгілері мен дала халқының сакралды тәжірибелерінің трансформациясы терең ашылады. Бұл зерттеулер елорданың археологиялық мұрасын ғылыми тұрғыдан түсінуге ғана емес, сонымен бірге оның көпқабатты тарихи әртүрлілігін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Астана маңы б.з.д. XVIII-XVI ғасырлардағы қола дәуірінің қонысынан бастап XIX-XX ғасырлар тоғысындағы қазақ ауылына дейін созылған Еуразия даласының ықшам археологиялық

панорамасы. Қола дәуіріне тән мәдени қабаттар, тасмолалық ескерткіштер мен киелі орындар, сондай-ақ Бозоқтың ортағасырлық кешені бұл өңірдің ешқашан бос жатқан территория болмағанын дәлелдейді. 3,5 мың жылдан астам уақыт бойы бұл аймақ шаруашылық, коммуникациялық және культтік белсенділіктің тұрақты орталығы қызметін атқарған. Сондықтан Астананың археологиялық бейнесін материалдық айғақтар негізінде кешенді түрде реконструкциялау ерекше өзекті болып табылады. Елорда тарихын зерттеуде Бозоқ қалашығының маңызы зор. Бұл нысан профессор К.А. Ақышевтің соңғы ірі ғылыми жобасы. Ол қалашықты алғаш анықтап, зерттеу жұмыстарын бастап, оның этномәдени және хронологиялық сипатына қатысты маңызды тұжырымдар қалыптастырды [1, 83 б]. К.А. Ақышев жарты ғасыр бойы Қазақстан археологиясының негізгі бағыттарын айқындап, дала өркениеті мәселелерін зерттеу ісін жаңа деңгейге жеткізді. 1997 жылдан бастап оның бастамасымен Сарыарқа даласының әр аймағында жүйелі археологиялық барлау-іздірету жұмыстары ұйымдастырылып, нәтижесінде Нұра-Есіл өңірін қамтитын Есіл тұрақты археологиялық экспедициясы құрылды [2, 12-13 бб].

Астана өңіріндегі ортағасырлық қалаларды іздеу идеясының бастауында тау инженері И.П. Шангиннің 1816 жылғы сапары туралы жазбалар тұр. Ол Нұра мен Есіл бойында орналасқан көне елді мекендер туралы құнды мәліметтер қалдырған. Осы деректерге сүйене отырып, 1997 жылы К.А. Ақышев алғашқы барлау жұмыстарын жүргізді. Экспедиция мүшелері Нұра өзенінің сол жағалауындағы Батагай қаласының қалдығын және Есіл салалары бойындағы бірнеше ортағасырлық қоныстарды анықтады. Алайда И.П. Шангин мәліметінде аталған Бузук көлі маңындағы қоныс ұзақ уақыт табылмай келді. Тек 1998 жылдың соңында Есілдің жоғарғы ағысын толық зерттегеннен кейін ғана ортағасырлық Бозоқ қалашығы анықталды. Ескерткіштің батпақты жайылымда орналасуы оның зерттелуін күрделендірген еді. Бозоқ қалашығы далалық типтегі құрылымымен ерекшеленеді: монументалды архитектуралық нысандар жоқ, бірақ биіктігі 0,6-1 м шамасындағы жер дуалдары мен валдар бірнеше алаңды қоршап жатыр. Төртбұрышты жоспардағы алаңдардың контурлары ішкі орлар арқылы айқындалады, ал орлардағы өткелдер қалашықтың ішкі ұйымдасу жүйесін көрсетеді. Қалашықтың ерекше элементі орталық бөлігінің үшжапырақты розетка тәрізді жоспары. Сонымен қатар оның маңында тікбұрышты және дөңгелек ойықтар, арық жүйелері, кеш кезеңнің обатөбешіктері мен екі ірі қорым анықталған [4, 13 б]. Ескерткіш алғаш 1999 жылы «Ақжол» атауымен белгілі болған. Бірақ кейінгі зерттеулер барысында «Бузук» гидронимі талданып, оның түркі-оғыздық әскери әкімшілік терминологиямен байланысы анықталды. Түркі-моңғол дәстүрінде әскери орда үш бөлікке - орталық, шығыс («бузук») және батыс («чучук») қанаттарға бөлінген. Осы семантика мен тарихи аналогияларды ескере отырып, 2000 жылы қалашық атауы «Бозоқ» болып бекітілді [5, 177-185 бб]. 2003 жылы бұл түсіндірме ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен К.А. Ақышев қатысқан ғылыми талқылауда ресми түрде қолдау тапты; бұл туралы Елбасы өзінің «Еуразия жүрегінде» еңбегінде жазады. 1999-2003 жылдар аралығында жүргізілген қазба жұмыстары барысында 5 мың шаршы метрден астам аумақ зерттелді. Бозоқтың көпқабатты құрылымы, жұқа мәдени қабаты және тұрмыстық олжалардың сиректігі стратиграфиялық талдауды күрделендіргенімен, мұқият фиксация әдістері арқылы хронологиялық кезеңдер анықталды [6, 256-384 бб, 7, 230 б, 8, 83-93 бб]. Алғашқы тұрғын-жайлар - жеркепелер 2002 жылы ғана табылды. Сол маусымда Алтын Орда дәуіріне жататын алғашқы қабірлер ашылып, ескерткіштің кең көлемді мәдени-тарихи стратификациясы анықтала түсті [9, 7-9 бб].



Сурет 1. Астанада зерттелген археологиялық ескерткіштердің картасы: 1 - Ишим; 2 - Тайтөбе; 3 - Шұбар; 4 - Күйгенжар; 5 - Қызылсуат; 6 - Сығанак; 7 - Бозоқ (қалашық); 8 - Бозоқ (қорым); 9 - Қараөткел; 10 - Сарқырама; 11 - Бозоқ II; 12 - Қозыкош [10, 12 б].

Бозоқ археологиялық кешенінің тарихи маңызын анықтай отырып, оның Астана аймағындағы бірнеше дәуірге тән мәдени-тарихи кезеңдер арқылы дамығанын бөлек қарастыруға болады. Қалашықтың қалыптасу тарихы қола дәуірінен басталып, ерте темір кезеңі, ортағасырлық түркі және қыпшақ мәдени қабаттары арқылы жалғасады. Осы негізде Бозоқ қалашығының тарихылық маңыздылығын зерттеле отырып оның бірнеше дәуірлердегі көрінісін бөліп көрсетуге болады. Қола дәуірі кезіндегі, Астана аумағындағы ең ежелгі зерттелген ескерткіш - бұл қола дәуіріне жататын Ишим қонысы. Ол 1953 жылы жергілікті өлкетанушы В.Д. Солочинскиймен ашылып, зерттелген. Ескерткіш сол кездегі қаланың (Ақмолинск) оңтүстік-шығысына қарай 6 км жерде, Есілдің оң жағалауында орналасқан. Өлкетанушы шамамен 5 мың шаршы метр аумақты зерттеп, 348 керамика сынығын, 7 шақпақтас құралын, 2 тас жебе ұшын және бір сүйек дротик ұшын тапқан [11, 25-109 бб]. Жалпақ түпті банка және құмыра тәрізді ыдыстардың бірінің иығында орналасқан белбеу тәрізді шығыршық, сондай-ақ әшекейленуі (штрихталған үшбұрыштар мен ромбтар, көлденең сызықтар) бұл ескерткішті қола дәуіріне, дәлірек айтқанда, алакөл мәдениетіне жатқызуға мүмкіндік береді [12, 58 б]. Солтүстік Қазақстан аумағындағы алакөл мәдениетінің ескерткіштері б.з.б. XVIII-XVI ғасырлармен мерзімделеді.

Ерте темір дәуірі кезеңінде, Кейінгі кезеңдерде қазіргі Астана қаласының аумағында және оның маңында ерте темір дәуірінің тұрғындары қалдырған қорғандар мен қасиетті орындар табылған. Қорғандар қатардағы және элиталық болып бөлінеді. Біріншісіне Тайтөбе мен Шұбар қорымдары жатса, екіншісіне - Күйгенжар мен Қызылсуат қорымдарының қорғандары жатады. Тайтөбе қорымында №4-6 объектілер зерттелген [13, 266-267 бб]. Жерлеу ғұрпының негізгі ерекшеліктері - тас шеңбер, қабір шұңқыры үстіне тас үйінді, қабірдің солтүстік және батыс бағытта бағдарлануы, жер қабірлер, мәйіттердің арқасымен созылған күйде, қолдары дене бойымен орналасуы - бұл №4 және №6 қорғандарды Тасмола мәдениетіне жатқызуға мүмкіндік береді. №6 қорғаннан табылған дөңгелек пішінді сүйек жебе ұшы бұл жерлеуді б.з.б. VII-VI ғғ. мерзімдеуге мүмкіндік береді [13, 36-37 бб]. №5 қорған - құрбандық орны ретінде салынған. Бұл типтегі құрылыстар Орталық Қазақстандағы тасмолалық ескерткіштердің бір түріне жатады [14, 76 б]. Шұбар қорымында №1-2 қорғандар зерттеліп, олардың кенотаф екені анықталды, яғни мәйітсіз, символдық жерлеулер.

Күйгенжар қорымындағы №1-2 қорғандардың қазбалары элиталық жерлеу архитектурасы жөнінде қызықты мәліметтер берді [14, 84-90 бб]. Құрылыстың кезеңдері былай болған: 1. Алдымен болашақ қорғанның аумағы ормен шектеліп, жердің үстіңгі қабаты сылынып тасталды. №1 қорғанда топырақтың беті жұқа саз қабатымен тегістелген. 2. Кейін тас шеңбер тұрғызылған (диаметрі 40 м, ені 4 м, биіктігі 0,4 м). 3. Одан соң жер асты дромостар мен қабір камералары салынған. Нәтижесінде: №1 қорған диаметрі 40 м, биіктігі шамамен 2,5 м; №2 - диаметрі 34 м, биіктігі 4 м болған. Радиокөміртекті талдау №2 қорғандағы адам сүйектерін б.з.б. VI ғ. деп көрсетеді [13, 117-118 бб]. Екі қорғанның ұқсастығы олардың бір кезеңге жататынын дәлелдейді. Элиталық жерлеу архитектурасының басқа мысалы - Қызылсуат қорғаны [14, 94-96 бб].

Орта ғасырлар кезінде, Сарыарқа аумағындағы ең белгілі ортағасырлық ескерткіш - Бозоқ қалашығы. Археологиялық кешен бірнеше кезең мен типтегі нысандардан тұрады: 1) үш шаршы алаң, орлармен және үйінділермен қоршалған (VIII-IX ғғ.); 2) жеркепе үйлер мен суару жүйесі бар қыпшақ қонысы (X-XIII ғғ.); 3) XIII-XV ғғ. исламдық некрополь және кесене қалдықтары [15, 94 б]. Бірінші кезең (VIII-IX ғғ.) - түркі дәуіріндегі орда-резиденция және культтік орталық. Бұл үш бөлікті жоспарлау (орталық орда, шығыс бозоқ, батыс үшөк) ежелгі түркі ордаларының моделімен сәйкес келеді. Мұнда құрбандық жылқы сүйегі және ритуалды адам жерлеуі табылған, бұл Бозоқтың қасиетті орталық ретіндегі мәртебесін дәлелдейді. Күйгенжар қорымындағы VII-VIII ғғ. жерлеу де осы кезеңмен синхронды [15, 97-101 бб]. Екінші кезең (X-XIII ғғ.) - Қыпшақ кезеңіндегі қоныстану және шаруашылық орталық. Бұл кезде қыпшақтар бұрынғы алаңдарды тегістеп, шикі кірпіштен үйлер, суару арналары мен арықтар салған. XI-XII ғғ. ирригациялық жүйе жақсы дамыған. Топырақ құрамындағы кремнийлі балдырлар мен қамыс фитолиттері жердің ылғалды болғанын көрсетеді. Үшінші кезең (XIII-XV ғғ.) - исламдық қасиетті орталық және некрополь. Бұл кезде 70-ке жуық қабір, соның ішінде 62 мұсылмандық жерлеу анықталған. Орталық бөлікте кесенелер мен хазирлер салынған, олардың ішіндегі ең көне - XIII ғ. соңындағы Мавзолей №1. Археологиялық материалдар исламдану процесін көрсетеді, бірақ бұрынғы жерлеу дәстүрлері де сақталған [15, 103-107 бб].

Мақалада бозоқ қалашығының археологиялық палимпсесттің мысалы: VIII-IX ғғ. түркі ордасы, кейін X-XIII ғғ. қыпшақ егіншілік орталығы, соңында XIII-XV ғғ. исламдық некропольге айналған. Сығанақ қорғанындағы ғұн-сармат жерлеуі, Күйгенжардағы ерте ортағасырлық және қазақтардың XVII-XIX ғғ. қабірлері - жердің қасиеттілігін сақтау мен ата-баба кеңістігіне «қатысу» дәстүрін көрсетеді. Кейінгі қазақ қоныстары - Сарқырама, Бозоқ II, Қозыкош - дәстүрлі мал шаруашылығының

отырықшылыққа бейімделу жолын айқындайды. Бұл барлық археологиялық деректермен мен зерттеулерге сүйене отырып Астана қаласының ежелден бері үлкен тарихы болғанын көруге болады. Ежелгі тұрақ болып, одан қалашық және хандық кезеңіндегі өңір болғаны оның дамып, маңызды жолдарды қамтығанын айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Гаврилов Д.А., Хабдулина М.К. Древнеорощаемые почвы Бозокского археологического микрорайона в Северном Казахстане (XI-XII века) //Археология, этнография и антропология Евразии. 2018. No 46 (4). С. 83-93.
2. Акишев К.А. Городище Бозок: семантика планиграфии и функции // Бозок в панораме средневековых культур Евразии. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2008. 5 С. 13-19.
3. Акишев К.А., Варфоломеев В.В. Жилища городища Бозок // Бозок в панораме средневековых культур Евразии. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2008. С 41
4. Акишев К.А., Хасенова Б.М., Мотов Ю.А. К вопросу о монгольских погребениях XIII-XIV вв. (по материалам некрополя городища Бозок) // Бозок: в панораме средневековых культур Евразии. Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2008.С.56-65.
5. Хабдулина М.К. Бозок - как древнетюркский культовый центр на реке Ишим //Казахстан и Евразия сквозь века: история, археология, культурное наследие. Алматы: ТОО «Археологическая экспертиза», 2010. С. 177-189.
6. Хабдулина М.К. Мавзолеи средневекового городища Бозок (река Ишим) // Археология Нижнего Поволжья: проблемы, поиски, открытия: Материалы I Международной Нижневолжской археологической конференции 18-21 октября 2010 г. Астрахань: ИД «Астраханский университет», 2010. С 384-391.
7. Хабдулина М.К. Сакральный код древнетюркского городища Бозок (Центральный Казахстан) //Древние культуры Монголии, Южной Сибири и Северного Китая: Материалы XI Международной научной конференции (8-11 сентября 2021 г., Абакан) / Отв. ред. А.В. Поляков, МТ.. Кашуба, А.Д. Цыбиктаров.Абакан: ИИМК РАН, 2021. .С 230-236.
8. Гаврилов Д.А., Хабдулина М.К. Древнеорощаемые почвы Бозокского археологического микрорайона в Северном Казахстане (XI-XII века) // Археология, этнография и антропология Евразии. 2018. No 46 (4). С. 83-93.
9. Акмола облысында орналасқан Бозок кала журтындағы археологиялық зерттеулер // Мемлекеттік «Мадени мұра- 2004» бағдарламасы бойынша 2004 жылы.Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы: ИД С , 2005. Қазак және орыс тілдерінде. 7-9 б.
10. Хабдулина М.К. Сакральный код древнетюркского городища Бозок (Центральный Казахстан) //Древние культуры Монголии, Южной Сибири и Северного Китая: Материалы XI Международной научной конференции (8-11 сентября 2021 г., Абакан) / Отв. ред. А.В. Поляков, МТ.. Кашуба, А.Д. Цыбиктаров. Абакан: ИИМК РАН, 2021. .С 230-236.
11. Рысбергенов М.А. История Астаны в археологических источниках., «Дүниежүзілік мәдени құндылықтар жүйесіндегі дала өркениеті: музей ісіндегі теория және практика» халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы (2025 жылғы 27маусым). - Астана, 2025. - 186 бет.
12. Хабдулина М.К., Тлеугабдулов Д.Т., Брынза Т.В., Дукомбайев А.Т., Сапарова К.С., Молдахметова А.Е. Отчет о научно-исследовательской работе. Археологическое исследование кургана Кызылсуат в Акмолинской области(заключительный). Астана, 2023. 58 с.
13. Свиридов А.Н., Ярыгин С.А., Сакенов С.К. Элитные курганы Акмолинской области // Диалог культур Евразии в археологии Казахстана. Сб. науч. статей, посв. 90-летию со дня рождения выдающегося археолога К.А. Акишева (Астана, 22-24 апреля 2014 г.) / отв. ред. М.К. Хабдулина. Астана: Изд-во «Сарыарка», 2014. С. 576-596.
14. Хабдулина М.К. Раннемусульманские погребения некрополя городища Бозок // Диалог городской и степной культур на Евразийском пространстве. Историческая география Золотой Орды. Мат-лы Седьмой Междунар. конф., посв. памяти Г.А. Федорова- Давыдова / отв. ред. С.Г. Бочаров, А. Г.Ситдииков. Казань; Ялта; Кишинев, 2016. С. 94-96.
15. Кошман Т.В., Дукомбайев А.Т. Натурное обследование культовых мемориалов периода Казахского ханства // Хабдулина М.К., Тлеугабдулов Д.Т., Дукомбайев А.Т., Кошман Т.В., Букешева Г.К., Сапарова К.С., Файса А.М., Бонора Ж.Л. Сакральный ландшафт Сарыарки: Коллективная монография. Нур-Султан - Рим, 2020. С. 173-191.